

**"Солтүстік Қазақстан облысында 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 3 ақпандағы № 11 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 251 қаулысы  
Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысында 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 3 ақпандағы №11 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7444-15 тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Ғ. Нұрмұхамбетов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2023 жылғы 14 желтоқсан  
№ 251 қаулысына қосымша  
Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2023 жылғы 3 ақпандағы  
№ 11 қаулысына 1-қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысында 2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Топтың атауы	Елді мекен	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы	
				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)
1	Петропавл қаласы	Толық емес күн болатын топ	қала	25	26 620
		Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	6 870	56 887
		Санаторлық топ	қала	131	74 691
		Арнайы топтар	қала	149	96 508
2	Қызылжар ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	582	64 330
3	Ғ а б и т Мүсірепов атындағы аудан	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	410	95 086
4	Уәлиханов ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	307	70 731
		Санаторлық топ	ауыл	25	90 490
5	Мағжан Жұмабаев ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	42	142 595
			ауыл	82	172 800
6	Айыртау ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	488	65 349
		Санаторлық топ	ауыл	8	90 490
7	Тайынша ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	313	63 200
			ауыл	90	105 019
		Санаторлық топ	қала	15	80 228
8	Аққайың ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	114	100 456

9	Ақжар ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	263	102 710
		Санаторлық топ	ауыл	25	90 490
10	Шал ақын ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	қала	100	91 416
11	Жамбыл ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	218	84 062
12	Есіл ауданы	Балалар 10,5 сағат бойы болатын топ	ауыл	275	66 927
13	Тимирязев ауданы	Балалар 9 сағат бойы болатын топ	ауыл	115	89 605

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК